

Арыс қаласы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2022 жылғы 18 наурыздағы № 21/107-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 наурызда № 27319 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Арыс қалалық мәслихат хатшысы

А. Байтанаев